

С.С. Касимова^{ID¹*}, Ж.А. Карсыбаева^{ID²}, Б.Г. Нұғман^{ID¹}, Ж.Б. Амерханова^{ID¹}

¹ Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан;

² Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

E-mail: saule.saken2010.kasimova@mail.ru; karsybayeva1981@mail.ru; bak9584@yandex.ru; 414266q@mail.ru

«Правда» газеті — 1937-1938 жж. саяси қуғын-сүргін тарихының дерек көзі

Мақалада «Правда» газеті 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін тарихының дерегі ретінде қарастырылған. Мерзімді басылымның құрылымына, жарияланған материалдардың мазмұнына талдау жасау, оларды формасы мен сипатына қарай топтастырып зерделеу негізінде «Правда» газетінің кеңестік қоғамда сталиншілдікті орнықтырудағы ақпараттық орны мен ықпалы ашылған. Баспасөздің сталиндік қуғын-сүргін саясатын капиталистік елдер қоршауындағы Кеңес Одағының қауіпсіздігін сақтаудың құралы ретінде ақтау және дәріптеудегі қарым-қатынас құралы қызметін атқарғаны көрсетілген. Газеттегі ашық сот процестерінің материалдары соңғы жылдары жарық көрген құжаттар жинақтарындағы ресми деректермен және қуғын-сүргін тақырыбына арналған ғылыми еңбектермен, зерттеулермен салыстыра отырып зерделенген, айыпталушыларға тағылған айыптардың ақиқаттан алшақтығы айқындалған. Қоғамдық-саяси өмірді, қалың бұқараны сталиндік саясатқа бағындырып тәуелді етуде, кеңестік қоғам және шет елдерде қуғын-сүргін саясатының дұрыстығына сендіруде жағымды көзқарас, қоғамдық пікір қалыптастырудағы Орталық Комитеттің арнайы қаулылар арқылы газетті үгіт-насихат қаруына қалай айналдырғанына жан-жақты талдау жасалған. «Правда» газетінің кеңестік идеологияның мүддесіне қызметі, қуғын-сүргін науқанын іске асырудағы рөлі, қосқан үлесі көрсетіліп, бүгінгі таңдағы отандық тарих ғылымындағы жаңа талаптар тұрғысынан баға берілген.

Кілт сөздер: саяси қуғын-сүргін, сталинизм, мерзімді басылым, троцкизм, диверсия, ақпарат, шетелдіктер пікірлері, жалған айып, үкім.

Kipicne

Кеңестік баспасөздің қалыптасуы кеңестік саяси жүйенің қалыптасуымен және дамуымен қатар жүрді. Солай болғандықтан сөз жоқ, ол кеңестік жүйенің, большевиктік идеологияның мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Тарихшы-ғалым Д. Махат «Егер ақпарат құралдарының, оның ішінде мерзімді басылымдардың белсенді қызметі болмаған жағдайда қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларын өз уысында ұстаған тоталитарлық жүйенің толық жеңісі мүмкін бе еді? Мерзімді басылымдар коммунистік саясат пен идеологияға қалай бағындырылды? Коммунистік партия мен оның көсеміне мерзімді басылымдар қандай дәрежеде қызмет етті?» [1; 4] деген сұрақтарды саралай отырып, оған нақты тарихи дерек көздеріне сүйеніп жауап беру қажеттігін, сонда ғана сталиндік кезеңнің қасіретті тарихы ақиқатын аша түсіп, идеологиялық мәселелерге шынайы баға беруге мүмкіндік туатынын атап көрсетті.

Сталинизм тарихының бірден-бір дерек көзі мерзімді басылымдар. Біз зерттеу нысанына алып отырған «Правда» газеті ерекше қызығушылық туғызады. 1912 жылы РСДЖП көсемі В.И. Ленин негізін қалаған, идеясы әлеуметтік теңдік пен әділеттілік, қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарының өмір сүруін жақсарту, қоғамның таптық жіктелуін толық жоюды насихаттау болған бұл кеңестік және ресейлік солшыл газет 1917 жылы Қазан революциясының жеңісінен кейін КСРО-ның бас басылымына айналды. Күні бүгінге дейін ұрпақтар жадына жазылмас жара салып, мәңгілік шерге айналған 1937-1938 жж. сталиндік қуғын-сүргін тарихын кеңестік биліктің алдаспаны болған «Правда» газетінен бөліп қарау мүмкін емес. Қарастырылған кезеңдегі «Правда» газетінің материалдары 1937-1938 жж. қуғын-сүргін науқанының жүргізілуі, кеңестік қоғамның қоғамдық-саяси өмірі жайында шынайы қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Мақаланы дайындауда 1937-1938 жылдардағы «Правда» газетінің барлық номері, 1937 жылғы маусым, шілде айларындағы «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің қуғын-сүргін науқанын жүргізуге байланысты материалдары мен жарияланымдары пайдаланылды. В.И. Ленин мен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: saule.saken2010.kasimova@mail.ru

И. Сталиннің кеңестік жазалау органдарын құрудағы және олардың басқару құралы және диктатуралық режимді нығайтудағы рөліне арналған құжаттар жинағының бірі — «Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938» томының құжаттары, жоғары биліктегі басшыларды «троцкизм» идеологиясына айыптауға негіз болған кеңестік әскери және саяси қайраткер Л.Д. Троцкийдің өмірі мен қызметінен архивтік құжаттар, естеліктер, ойлар мен пікірлерге арналған авторлар В.Г. Краснов пен В.О. Дайнестің «Неизвестный Троцкий. Красный Бонапарт: Документы. Мнения. Размышления» кітабының материалдары мақаланың деректік негізін құрайды. Сонымен қатар екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі жылдардағы қауіпсіздік органдарының тарихы мәселелерімен айналысатын шетелдік ғалымдар В. Хаустов пен Л. Самуэльсонның архивтік құжаттық материалдар негізінде 1930 жылдардың екінші жартысындағы Кеңес мемлекетінің мәселелері қарастырылған, жаппай қуғын-сүргіндерді дайындау және өткізу кезіндегі ПХК басшылығындағы Сталиннің рөліне басты назар аударылған, Сталиннің жазалау саясатын күшейтуіне әсер еткен себептер мен факторлар талданған «Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг.» монографиясын пайдалану мақаланың тарихнамалық мәселесін байытып, неғұрлым нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде тарихилық принципі басшылыққа алынды, яғни, қуғын-сүргін процесі оған негіз болған барлық себептерімен, саяси жағдайлармен байланыста зерделенді. Объективтілік принципін ұстану мәселенің шынайылығына көз жеткізу қажеттігінен туындады, бұл ретте газет деректері мен материалдары кеңестік тарихтағы ең қасіретті — «үлкен террор» кезеңін, оны ұйымдастыру мен жүргізудегі И.В. Сталиннің, БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының рөлі ерекше көрінетін партиялық және мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының ресми құжаттарымен, қуғын-сүргін тарихына қатысты жаңа ғылыми зерттеу еңбектерімен салыстыра зерттелді. Жүйелік әдіс бойынша газеттің құрылымы сипатына қарай жіктеліп, топтастырылып, негізгі ой мұқият зерделеніп, олардың арасындағы логикалық бірізділік анықталды. «Правда» газеті материалдарының 1937-1938 жж. қуғын-сүргін саясатын насихаттау және жүргізудегі өзара байланысы мен сабақтастығы көрсетілді. Сыни талдау, жинақтау әдістерін қолдану аралық нәтижелерді айқындауға және оларды ғылыми жалпылауға, түйіндеуге қол жеткізді.

Талқылау және нәтижелері

Кеңестік билік қуғын-сүргін саясатын жүргізуде халықты иландыру, олардың сеніміне, қолдауына ие болу үшін үгіт-насихат құралы баспасөзді тиімді пайдаланды. Газеттің құрылымы мұқият ойластырылды, материалдар мазмұны әр түрлі айдармен топтастырылды. «Правда» газетінің беттерінде қуғын-сүргін тақырыбына арналған материалдарды бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады: 1) алғашқы беттегі бас мақала; 2) БК(б)П ОК хатшысы И. Сталиннің және басқа жоғары биліктегі басшылардың сөйлеген сөздері мен баяндамалары; 3) ресми құжаттар — Орталық Комитет пленумдарының шешімдері мен қаулылары; 4) ашық сот процестері мен айыптау қорытындылары; 5) сот залынан; 6) шетелдіктер пікірлері; 7) орталықтағы және өңірлердегі «халық жауларын» әшкерелеу; 8) сын және библиография; 9) қоғамның, халықтың пікірлері; 10) фотосуреттер. Осылардың ішінде бас мақаланың орны аса маңызды болды. «Правда» газеті негізгі бұқаралық ақпарат құралы болғандықтан онда большевиктік идеология көрініс тапты. Газеттің айтар негізгі ойы, мазмұны бас мақала көтерген мәселеден идеялық жалғасын тауып отырды.

Газеттің 1937 жылғы 4 қаңтардағы саны «Революционная бдительность и подъем партийной работы» атты бас мақаламен ашылды. Онда Кеңес елінің Ленин-Сталин партиясының басшылығымен озық бірінші класты индустриялы және ең ірі ауыл шаруашылық өндірісі бар әлемдік күшті державаға айналғаны, социализмнің бұл ұлы жеңісі жуырда қабылданған сталиндік Конституцияда заңдық тұрғыда бекітілгені мақтанышпен айтылды [2]. Алайда бұл капиталистік елдерден төнген қауіп сейілді, олар КСРО-да капитализмді қалпына келтіру әрекетінен бас тартты дегенді білдірмейтінін айта келе, мақала оқырманның назарын Кеңес мемлекетінің күш-қуатының артуы өліп бара жатқан таптардың қарсылығын күшейтетінін және халықаралық империализммен байланысын сақтай отырып, Кеңес Одағын құлатуға тырысатынына аударды, сөйтіп, барлық салада қырағылықты күшейтуге шақырды. Тұтастай алғанда, партиялық жұмысты идеялық тұрғыда нығайту, әр коммунистің идеялық шыңдалуы, саяси үгіт-насихатты дұрыс жолға қою, ең бастысы партиялық мінез-құлықты талқылауға баса назар салу керектігіне басымдық берілді. Тәртіп бойынша бас мақалада баяндалғандарды мүлтіксіз орындау партия ұйымдарының негізгі міндеті болғандықтан

барлық өндіріс орындарында, жұмысшылар ұйымдары мен мекемелерде мақала әдеттегідей қызу талқылауға түсетін. Бұл жолы да солай болды, мәселе бойынша арнайы шешім қабылданып, оны қатаң, бұлжытпай орындау талабы қойылды.

Сталиндік қуғын-сүргін туралы айтқанда «Москва процестері» деп аталатын үш үлкен сот процесі аса маңызды. Алғашқысы 1936 жылы тамыз айында әлем халқын құлақ түргізген «троцкистік-зиновьевтік лаңкестік орталықтың» мүшелеріне қатысты бірінші ашық сот процесі. 1937-1938 жж. жаппай саяси террорға үлкен дем берген, оның бастауы болған да осы әйгілі процесс. Әйгілілігі сонда — негізгі айыпталушылар Кеңес Одағының ірі басшылары, кезінде оны өз қолымен құрғандар, большевиктер көсемі В.И. Лениннің серіктері, 1926-1927 жж. «біріккен оппозиция» құрды деп айыпталған Г.Е. Зиновьев пен Л.Б. Каменев, Г.Е. Евдокимов, И.П. Бакаев, С.В. Мрачковский және тағы басқалар болды. 1934 жылы С.М. Кировты өлтірді, Кеңес Одағына қарсы диверсиямен айналысты, КСРО басшыларына қастандық ұйымдастырды, империалистік мемлекеттермен ауыз жаласып, КСРО-ны бөлшектеп, буржуазияның үстемдігін орнатуды көздеді, Отанға сатқындық жасады деген айыппен барлығы 16 ірі партия-кеңес басшылары ату жазасына кесілді. Айтып өткендей, бұл бірінші ашық сот процесі бұдан кейінгі қоғамның саяси өмірінде терең із қалдырды. Оның салдары 1937-1938 жж. жаппай террор кезінде толық көрініс тапты, жаңа айыптаулардың барлығы троцкизммен тығыз байланыстырылды.

«Троцкистердің мақсаты еңбекшілердің барлық табыстарын тартып алу, зауыттар мен фабрикаларды капиталистерге қайтару, ауылдарға кулактарды қожайын етіп, шаруаларды олардың құлдығына беру», – деп жазды 1937 жылғы 21 қаңтардағы «Правда» газеті. «Троцкистские шпионы, диверсанты, изменники Родины» деп атының өзі жар салған бас мақала КСРО Прокуратурасының Троцкий мен оның сыбайластары Пятаков, Радек, Сокольников, Серебряков және т.б. құралған «антисоветтік троцкистік параллель орталықты» анықтап, жаңа қылмыстың бетін ашқанын жария етті. Олар Троцкийдің нұсқауы бойынша ең маңызды кәсіпорындарда тыңшылық пен зиянкестік ұйымдастырып, еліміздің қорғанысын әлсірету үшін қастандық әрекеттерді дайындапты [3]. Мұны бас басылымда жариялаудың И. Сталин мен оның төңірегіне аса қажет және саяси-әлеуметтік астары болды. Өйткені екі күннен кейін 23 қаңтарда аталған көрнекті партия-кеңес басшыларына арналған екінші ашық сот процесі басталған еді. Сондықтан алдын ала халыққа психологиялық тұрғыдан әсер ету, оларды моральдық жағынан дайындау үшін ойдан шығарылған жаулар мен дұшпандар туралы материалдарды жариялау пайдалы деп танылды.

1937 жылғы 23-29 қаңтарға белгіленген «антисоветтік троцкистік параллель орталықтың» ашық сот процесіне БК(б)П ОК мұқият дайындалды. Саяси процесті өткізу барысы бүге-шігесіне дейін талқыланып, БК(б)П ОК Саяси бюросының 1937 жылы 22 қаңтардағы «Пятаков, Радек, Сокольников, Серебряков және басқалардың ісі бойынша сот процесі туралы» қаулысымен бекітілді. Қаулыда былай деп көрсетілді: 1) Баспасөзде «антисоветтік троцкистік орталықтың сот процесі» деп аталсын. Соттың төрағалығына КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының төрағасы В. Ульрих тағайындалсын. 6) Шетелдік елшілер, буржуазиялық және коммунистік газеттердің шетелдік тілшілерін қатыстыру. 8) Сот процесіне «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «За индустриализацию», «Красная Звезда», «Гудок», «Заря востока», «Крестьянская газета», «Ленинградская правда», «Коммунист», «Уральский рабочий», «Советский Сибирь», «Горьковская коммуна», «Бакинский рабочий», «Молот», «Дейтше Централь Цайтунг», «Журнал де Моску», «Москау Дейли Ньюс» газеттерінің тілшілерін қатыстыру. 15) Арнайы рұқсатнама бойынша сот залына облыстардан жұмысшылар мен шаруаларды, зиялы қауым өкілдерін кіргізу [4; 54]. Қатысушылардың жеке құрамын анықтау БК(б)П ОК Ұйымдастыру Бюросының мүшесі А.А. Андреев пен КСРО ІХК халкомы Н.И. Ежовқа жүктелді. Сондай-ақ, шетелдік жазушылардан Фейхтвангер мен Андерсен Нексе қатысатын болды. Заң халық комиссариатына сот процесі аяқталғаннан кейін оның толық стенографиялық есебін бес күн ішінде француз, неміс, ағылшын және испан тілдерінде басып шығару белгіленді.

Қаулыға қосымша құжатта сот процесін баспасөзде жариялаудың келесі тәртібі белгіленді: «Правда», «Известия», «За индустриализацию», «Гудок», «Рабочая Москва» газеттері күн сайын өздерінің 1,5 бетін, басқа газеттер 1 беттен арнау, айыптау қорытындылары, прокурордың сөзі, сот үкімінің толық жариялануы, барлық материалдар ТАСС (Кеңес Одағының Телевизия Агенттігі) арқылы басқа газеттерге таратылуы, баспаға жіберілетін материалдардың Вышинскийдің, т.б. қолымен бекітілуі, соңында комиссияның газетке материалдар бергені жайында түнгі сағат 1:00-ден кешіктірмей есеп беріп отыру керектігі көрсетілді.

Сонымен екінші «Москва процесі» жөнінде алғаш ақпарат берген 24 қаңтардағы «Правда» газетіндегі «Подлейшие из подлых» тақырыбындағы бас мақала болды. Онда Пятаков, Радек, Сокольников, Серебряковтердің Троцкийдің басшылығымен жасаған қылмыстарының ашылғаны, Радек пен Пятаков Троцкийдің директивасының негізі капитализмді қалпына келтіру болғанын, Сокольников Троцкийдің бағдарламасы социалистік индустрияландыру, ұжымдастыру саясатынан бас тарту, өнеркәсіптегі, деревнядағы капиталистік элементтермен бірігіп КСРО-да капитализмді қалпына келтіру болғанын мойындағандары айтылды [5].

Іс жүзінде «Правда» газеті қаулыда белгіленгеннен асып түсті, сот процесі аяқталғанша ол туралы күн құрғатпай газеттің 2-ші бетінен 5-ші бетіне дейін кең көлемде жариялап, аса белсенділік танытты [6]. И. Сталин мен ПХК көздеген мақсатқа жету үшін түрлі амал, айла-шарғының барлығын қолданды. Билікті жұртшылықтың пікірімен санасатын, халыққа жақын, демократияшыл етіп көрсету үшін сот залына өндіріс орындарындағы қарапайым жұмысшылардан бастап, еңбек озаттарына дейін қатыстырылды. Газет беттеріндегі үгіт-насихат, сот залындағы «қойылымдар» текке кетпеді. Ол халықтың, шетелдік тілшілердің газетте жарияланған пікірлерінен айқын көрінді. Олардың мазмұнынан сот орындығында отырған жазықсыз жандарға деген жек көрушілік пен өшпенділікті айқын көруге болады. Москвадағы Менжинский атындағы зауыттың жұмысшы-токарі, съезд делегаты Н. Крупчатников сот залында бұрын тек газеттерден оқып, суретін ғана білетін адамдардан жауап алған кездегі көңіл-күйін былайша жеткізді: «олардың арсыздығына, қатал кісі өлтірушілер мен қылмыскерлерге тән сабырлылығына тітіркеніп кеттім. Пятаковтың, Сокольников пен Радектің аса байсалдылықпен, әдемі әдеби тілмен ең сұмдық қылмыстар туралы айтқанын тыңдау жаныңды түршіктіреді». «Троцкистердің сұмдық жоспарлары ашылған сайын маған тыныш отыру қиындай түсті, орнымнан атып тұрып, дүниені жалмаған жыландарды атып тастағым келді» деп жазды сот процесіне қатысқан «Серп и молот» зауытының орденді жұмысшысы А.К. Гладышев [7].

Үгіт-насихатқа танымал ғалымдар мен қайраткерлер де тартылды, олардың қоғамдағы беделі мен абыройын кеңестік билік өз мақсатына тиімді пайдаланды. А. Фадеев, А. Толстой, Н. Тихонов, П. Павленко, Бруно Ясенский, Л. Никулин т.б. бір топ ақын-жазушылар «барша адал адамдармен бірге өз Отанын сатқандарды, тыңшыларды аяусыз жазалауды талап етеміз» деп, кеңестік соттың әділдігіне күмән келтірмеді. Осындай мазмұнда «Сот залынан» айдарымен «Продавцы народной кровью», «Торговцы смертью», кеңес ботанигі, академик Б.А. Келлердің «Картина отвратительного человеческого падения» деген тақырыптағы бірнеше мақалалар басылды [8]. «Бұзақыларға аяушылық жоқ! Троцкизмнің кез келген қалдықтары түбегейлі жойылсын», – деп жазылды Москва ет өнеркәсібі химия-технологиялық институтының профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттері қатысқан жиналыстың қаулысында. Зиялы қауымның, өз оқытушыларының пікірлерінің ықпалымен жастар мен студенттер айыпталушылардың «бірін қалдырмай ату» туралы қатыгез талаптар қойды. 28 қаңтарда «Правда» газеті бір күн бұрын Пятаков, Сокольников және Радектің өздерінің шет мемлекеттердің ресми өкілдерімен қылмыстық байланыстары жайлы куәлік бергенін, мойындағандарын хабарлады. Ізінше елдің түкпір-түкпірінен «Отанын сатқандар, қанішерлер мен тыңшылар атылсын!!!» деген ұранмен 16 ақпарат басылды. Сайып келгенде мұның барлығы саяси науқанға қоғамдық пікір туғызып, бүкілхалықтық рең берді.

«Правда» партияның саясатына мінсіз қызмет етті, газет халыққа шынымен де өзінің атына сай ақиқат пен шындықтың көзіндей көрінді. 29 қаңтардағы газеттің 2-5 беттері айыпталушылардың «қылмыстары» мен сатқындық әрекеттері жайлы КСРО прокуроры А.Я. Вышинскийдің сөзіне арналды. Осыған орай қоғамның түрлі әлеуметтік топтарынан ұжымдасқан түрде жолданған наразылық хаттары И. Сталин мен оның төңірегі жүргізіп отырған саясатқа деген халықтың сенімінің, Кеңес үкіметінің төңірегіне топтасқан ұлы елдің шешімінің ұлылығының дәлеліндей боп көрінді. Идеологиялық үгіт-насихаттың ықпалы ақын-жазушылардың шығармаларынан да көрінді. Солардың бірі Демян Бедный өзінің «Стальная крепость» деген өлеңінде былай деді:

«Народный суд своим лучем
 Нам осветил такие злодеянья,
 Такие вскрыл преступные дела,
 Что смерть сама, как мера воздаянья.
 На этот раз уж кажется мала!
 Последние часы пришли — для них:
 Они в лихом угаре просчитались,
 Как в силах собственных своих,

Так в силах тех, с кем сообща пытались
Поджечь, взорвать наш всесоветский дом» [9].

1937 жылы 30 қаңтардағы газеттің кезекті саны «Приговор суда — голос народа» атты бас мақаламен ашылып, КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының үкімі жарияланды. Онда айыпталушыларға келесі айыптар тағылды: «1933 жылы Л. Троцкийдің нұсқауымен Москвада астыртын «параллель антисоветтік троцкистік орталық» құрған. Кеңес Одағын құлатып, буржуазиялық билікті орнатпақшы болған. Кеңес Одағына әскери шабуыл жасауға шетелдік агенттер арқылы Германияның, Жапонияның өкілдерімен келіссөздер жүргізген. КСРО жеңілген жағдайда оларға Украина мен Приморье және Приамурье өлкелерін беруге келіскен. Троцкистер совхоздар мен колхоздарды таратып, индустриаландыру саясатынан бас тартып, орнына капиталистік қатынастарды құруды көздеген. Өндірісте жоспардың орындалмауына, өнім сапасының төмендеуіне, зауыттар мен шахталарды өртеу, поездардың апатқа ұшырауына әкелген зиянкестіктер мен қастандықтар, жарылыстар ұйымдастырған. Герман-жапон барлау агенттіктеріне КСРО-ның әскери зауыттары туралы құпия мәліметтерді берген» [10]. Әрі қарай Москва, Киев, Ленинград, Ростов пен Новосибирскіде бірнеше троцкистік-террористік топтар құрды, БК(б)П ОК басшылары Сталин, Молотов, Каганович, Ворошилов, Орджоникидзе, Ежовқа және т.б. қарсы қастандық ұйымдастырғанын айта келе, РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1-а, 58-8, 58-9, 58-11 баптары бойынша Пятаков, Радек, Сокольников, Серебряков т.б. 13 адамға ату жазасы берілді, 3 адам 10 жылға, 1 адам 8 жылға жазасын түрмеде өтеуге кесілді.

Газеттегі үгіт-насихат пен ақпараттар ірі қалалардағы мекемелер мен өндіріс орындарында митингілер мен шерулерге ұласты. Красноярск машина жасау зауытында өткен жұмысшылардың жалпы митингісінде Троцкийдің отбасының қылмыстары, оның осы зауытта инженер болып істейтін ұлы Сергей Седовтың генераторлық газбен жұмысшыларды уландырмақ болғаны, тұрғын-үй жоспарлау бөлімінде Зиновьевтің туысқанының цехтарда құрал-жабдықтарды мақсатсыз орнатып, күрделі қаржыны ысырап еткені, қондырғыларды істен шығарып, желдеткішті бұзғаны айтылды. Бұл жайында халық «Правданың» 27 қаңтар күнгі нөмерінен білген. Митинг соңында «ІХК органдарынан зауытты троцкистік, фашистік агенттерден тазартуды сұраған» қаулы қабылданды. Үйреншікті әдіс бойынша өндірістегі техникалық ақаулардан кеткен кемшіліктерді, жоспардың орындалмауының объективті себептерін іздеп ешкім бас қатырмады, барлығы зиянкестердің, троцкистердің қасақана істеген дұшпандық әрекетінен, большевиктік қырағылықтың жетіспеуінен болып шықты.

1937 жылы 30 қаңтарда Москвада 200 адам қатысқан ең ірі шеру өтті. 31 қаңтардағы «Правда» газетінде шеруден көлемді фотосурет басылды. Сақылдаған аязға, ызғарлы желге карамастан түс ауа Москваның түкпір-түкпірінен қолдарына «Сот үкімі — халықтың үкімі!», т.б. ұрандар жазылған плакаттар мен баннерлер ұстаған шерушілер Қызыл алаңға қарай ағылды. Олар алаңға сыймай жақын маңдағы көшелерге орналасты. Кеңестік сот шешімі әділдіктің дәлелі болып саналды, оркестрлер маршпен шерушілерді қолдап отырды. Осылайша тоталитарлық мемлекеттің қылмысы халықтың атымен бүркемеленді.

Алаңға жиналғандар алдында Москва облыстық және Москва қалалық партия комитетінің хатшысы Н.С. Хрущев сөз сөйледі. Жұртшылықты сот үкімімен таныстырған ол Ленин мен Сталин туы астында тап жауларымен кескілескен шайқаста социалистік қоғам құрған миллиондаған кеңес халқы троцкистерді, олардың барлық сыбайластары мен одақтастарын жойып, коммунизмге қарай алға жылжиды дей келе, сөзін «Сталин — үміт, бұл ұмтылыс, бұл барлық озық және прогрессивті адамзаттың шамшырағы. Сталин — біздің туымыз, ерік-жігеріміз, жеңісіміз!!!» деген ұранмен аяқтады. Алайда арада екі онжылдық өткен соң И. Сталинді асыра дәріптеген дәл осы партиялық-кеңестік шенеуніктің өз пікірін өзгертетіні, «Сталиндік жеке басқа табыну мен оның зардаптарын» бірінші болып айыптайтыны ешкімге беймәлім еді.

Қуғын-сүргіннің асқына түсуіне 1937 жылы 25 ақпан — 5 наурыз аралығында өткен БК(б)П ОК Пленумындағы И. Сталиннің «О недостатках партийной работы и мерах ликвидации троцкистских и иных двурушников» тақырыбындағы баяндамасы қатерлі рөл атқарды. Шетелдік агенттердің тыңшылық және қастандық жұмыстарына белсене қатысқан троцкистер КСРО-дағы шаруашылық, әкімшілік және партиялық ұйымдардың бәріне әсер еткенін айта келе И. Сталин одан әрі троцкизмнің жаңаша көріністерін былайша атап көрсетті: «қазіргі заманғы троцкизм бұдан 7-8 жыл бұрынғы троцкизм емес, ол енді саяси ағым болудан қалып, шет мемлекеттердің барлау органдарының нұсқауы бойынша әрекет ететін диверсанттар мен тыңшылардың, кісі өлтірушілердің құтырған,

принципсіз бандасына айналған. Кеңес мемлекеті капиталистік қоршауда қалғандықтан саяси бейқамдықтан арылу қажет» [11]. Осыдан кейін партия қоғамның барлық салаларын бақылауды одан әрі күшейтті. Мәселеге «Правда» газеті бірнеше бас мақалалар арнады. Өндіріс, шаруашылық басшыларының негізгі міндеті фашизмнің жапон-герман-троцкист агенттері мен олардың сыбайластары — оңшылдарды түбегейлі жою екенін қайталап айтып, әр кәсіпорын басшысынан техниканың тілін ғана емес, сонымен қатар большевизмді жетік меңгеріп, кадрларды саяси тұрғыдан тәрбиелеп, таңдай білу талабы қойылды. Большевиктік қырағылығы таяз басшы өндіріс орындарындағы кемшіліктерді техникалық себептерден іздейді, адамның қолымен әдейі жасалған қастандық екеніне мән бермейді, маманды жұмысқа қабылдағанда олардың социализм жолына берілгендігі туралы мәселені елеусіз қалдырады, үлкен бас айналдыратын экономикалық табыстарға масаттанған жұмысшылар идеологиялық жағынан ақсауда деген сындар айтылды. Кадрларды саяси тұрғыдан тәрбиелеуге баса мән беру керек делінді. Осылайша кеңестік экономиканың даму келешегі маманның біліктілігіне емес, басты өлшем оның саяси идеологиялық даярлығы, большевиктік идеяларға адалдығы болған теріс ұстаным қалыптасты.

Газеттің «Сын және библиография» бөлімі буржуазиялық теорияның кемшіліктерін сынауға арналды. Солардың кейбіріне сүйенсек, АҚШ және басқа капиталистік елдерде троцкизмнің қорлары кеңінен тамыр жайған. Троцкистер Кеңес Одағының жұмысшылар табына жала жауып, оны бөлшектеуді, біртұтас майдан үшін қозғалысты бұзуды мақсат етеді. Олар «Социалистік жастар лигасы» ұйымына еніп, оны «Америка жастар конгресін», сондай-ақ «Америка студенттерінің одағын» бөлу үшін база ретінде пайдаланады [12]. Франциядағы тағы бір топтар өздерін «Интернационалистік жұмысшы партиясы», «Интернационалдың бір бөлігі», «Интернационалистік коммунистік партия», «Не істеу керек?» деп түрліше атағанымен, барлығы да троцкистік, контрреволюциялық істермен айналысады [13].

Ағылшынның лейбористік «Дейли геральд» газеті большевиктік саясаттың сынына ұшыраған басылымдардың бірі болды. Оған троцкистік орталықтың сот процесі кезінде бүкіл халықаралық пролетариаттың негізді наразылығына қарамастан капитализмді қалпына келтірушілерді қорғап, ағылшын жұмысшыларын алдады, жапон-неміс тыңшылары мен троцкист лаңкестер газеттен пана тауып отыр, «Демократиялық социалистер үндемей өтіп кете алмайды» дегенді желеу етіп Кеңес Одағын қаралады деген сындар айтылды. [14]. Осылайша сталиншілдіктің баспасөзде орнығуы халықаралық қоғамдық-саяси қозғалыстарды кеңестік идеологияға қайшы келгендері үшін сынап, адам құқығы мен бостандықтарына қайшы етіп көрсетті. Мұндай үгіт-насихат еңбекші бұқара үшін бірден-бір ақпарат көзі әрі қол жетімді тек газет-журналдар ғана болған кезеңде халықты Кеңес Одағының ұстанған бағытының дұрыстығына сендірмей қоймады.

1937 жылы маусым айының басында «Правда» газетінің Қызыл Армия ішіндегі «халық жауларының» қылмыстарын айғақ еткен КСРО Қорғаныс халық комиссары, КСРО маршалы К. Ворошилов қол қойған КСРО Қорғаныс Халық комиссариатының осы жылдың 12 маусымындағы бұйрығын жариялауы үрей мен қорқыныш жайлаған қоғамды тағы да дүр сілкіндірді. Құжат бойынша ұзақ уақыт Қызыл Армияда зұлымдық, диверсиялық жұмыстар жүргізген фашистік тыңшылар деп 8 көрнекті әскери қызметкерлер: маршал М.Н. Тухачевский, И.Э. Якир, И.П. Уборевич, А.И. Корк, Р.П. Эйдемман, Б.М. Фельдман, В.М. Примаков, В.К. Путна өлім жазасына кесілді [15]. Айта кету керек, бұл әскери қызметкерлерге арналған сот процесі жабық түрде жүргізілді. «Правда» газеті де мұның алдындағы ашық сот процестерін жариялағандай бұл жайында жан-жақты, толық ақпарат бермеді.

Сондықтан И. Сталиннің 1937 жылы 2 маусымда Әскери кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі айыптау шараларының астарларын ашуға көмектеседі. И. Сталиннің айтуынша, жоғарыда аталған адамдар әскери-саяси қастандықтың басшылары болған. Тухачевский неміс рейхсверлерімен кездесіп, оларға Кеңес Армиясының аса маңызды тактикалық жоспарын берген. «Якир ауырғанын сылтауратып, Батысқа емделуге барғанда тыңшылықпен айналысты. Берлинде тәжірибелі барлаушы Жозефина Гензи деген әйел бар. Ол Караханды, Енукидзені, Тухачевскийді, Рудзутакты жалдап, олардан құпия құжаттарды қолына түсірген. Олар КСРО-дан екінші Испания жасағылары келіп, осы мәселеде белсенділік танытқан тыңшыларды тауып, өздеріне тартты» [16; 206]. Әрине, бұл пікірдің ешқандай объективті, дәлелді негіздері жоқ болатын. Ойымыз дәлелді болу үшін тағы да әскери кеңестегі И. Сталиннің өз сөзіне зер салайық. «Рыковтың өзінің немістерге ақпарат бергені жайлы мәліметтер жоқ, алайда ол өз адамдары арқылы мұны қолдап отырды», — деп, ол нақты айғақтың жоқ екенін ашық айтады. «Бухариннің немістерге ақпарат бергені жайлы

мәліметтер жоқ, бірақ ол Енукидзе, Карахан, Рудзутакпен тығыз байланыста болды, оларға кеңес беріп отырды», «Гамарниктің немістерге ақпарат бергені жайлы мәліметтер жоқ, алайда оның ең жақын достары Уборевич, Якир, Тухачевский Германияның Бас штабына жүйелі түрде ақпарат беріп отырған» [16; 205]. Дей тұрғанмен, жазықсыз жандарды кінәлі етіп көрсету үшін жоқтан бар жасау қиын емес еді. Түрлі жалған фактілерді ойдан құрастырып, оларды кезінде партия ішіндегі оппозицияға, «оңшыл ағымға» айыпталғандармен байланыстыру, кінәнің ұшын солардан шығару құқық қорғау қызметкерлері мен тергеушілердің үйреншікті әдісі болды. Бұл жолы бір топ кеңестік жоғары шенді әскери қызметкерлерді Германиядағы әлдебір барлаушы әйел Жозефина Гензимен байланыстыру оңтайлы деп табылды. Ішкі істер халкомы Н.И. Ежовтың басшылығымен жасалған жалған құжатта КСРО-ға жасалатын әскери қастандыққа қатысушылардың саны 700-ден 1000-ға тарта болған деп көрсетілді.

Кеңестік кезеңде «құпия» гриф тағылған архив қорларына қол жетімділік пен «ақтаңдақтардың» ақиқатын ашық айтуға мүмкіндік туған бүгінгі демократиялық қоғамдағы зерттеулерге сүйенсек, маршал Тухачевский алдын ала тергеу кезінде өзінен «алынған» көрсетулерді жоққа шығаруға тырысқан жалғыз адам болған. «Сот барысында В. Ульрих (сот төрағасы) Тухачевскийдің сөзін бөліп, оның 1925 жылдан бері неміс барлауымен байланысы туралы сұрақ қойды, ал ол (Тухачевский) болса неміс барлауына ауызша сөйлесулерден басқа ешбір ақпарат жеткізбегенін айтты... Бүкіл процесс (сот талқылауы) бойы, яғни, айыптау актісін оқу, процеске басқа қатысушылардың сөйлеген сөздері кезінде Тухачевский үнемі басын шайқап, айыптың шындыққа жанаспайтынын, өзінің келіспейтінін көрсетті, бірақ ақыр соңында ол кінәсін мойындады» [17; 117-118]. Тоталитарлық, әкімшіл-әміршіл жүйе мықтап орныққан кезеңде басқаша болуы мүмкін емес еді. Тухачевскийдің «мойындауы» тергеушілердің айыпталушыларды қинау, азаптау тәсілдерінің нәтижесі болатын. Осыдан кейін Қызыл Армия ішіндегі зиянкестер мен диверсанттардың, тыңшылардың қаптап кеткеніне халық сенді. Оған сталиншілдікті насихаттаған «Правда» газеті де үлес қосты. Газет армиядағы тыңшылардың табылып, өлім жазасына кесілуін мемлекеттегі биліктің күші және Кеңес елінің мызғымастығының айғағы етіп көрсетті. Сөйтіп, кезінде Кеңес өкіметін қолына қару алып қорғағандар, Азамат соғысы жылдарында армияны ұйымдастырып, большевиктердің жеңуіне тікелей үлес қосқан, Отанға адал қызмет еткен әскери қызметкерлер жазықсыз құрбан болды.

Қуғын-сүргін науқанын жүргізуде КСРО Ішкі істер халкомы, Мемлекеттік Қауіпсіздік Бас комиссары Н.И. Ежов басты рөл атқарды. Оның ұсыныстары И. Сталиннен үнемі қолдау тауып отырды. 1937 жылы 27 шілдедегі КСРО ОАК Президиумының отырысында Н.И. Ежовқа «ІХК органдарына басшылық етудегі ерекше табысы үшін» Ленин ордені тапсырылды. И. Сталин оның мәселелерге большевиктік көзқараспен қарай білгенін, жағдайды басқаруда және аппаратты қалпына келтіруде шеберлік танытып, ең қиын істерді шешуде өзінің қабілеттерін кең түрде қолданған еңбегін айтып, басқаларға үлгі етіп көрсетті.

Бұл жоғарғы марапат пен мадақтау оның иесіне одан әрі дем беріп, құлшынысы мен ынтасын арттырды. Үш күн өткен соң 1937 жылы 31 шілдеде КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.И. Ежов қол қойған бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және басқа да антисоветтік элементтерді қуғын-сүргінге алу туралы № 00447 жедел бұйрық шықты, онда былай делінді: «БҰЙЫРАМЫН: 1937 жылдың 5 тамызынан бастап барлық республикаларда, өлкелер мен облыстарда бұрынғы кулактарды, белсенді антисоветтік элементтер мен қылмыскерлерді қуғын-сүргінге алу операциясын бастау. Қуғын-сүргінді Өзбек, Түркімен, Тәжік және Қырғыз КСР-де осы жылдың 15 тамызынан, ал Қиыр Шығыс, Красноярск өлкелері мен Шығыс-Сібір облысында 15 тамыздан бастау» [5; 273-281]. Бұл миллиондаған жазықсыз кеңес адамдарын құрбан еткен сталиндік «үлкен террор» саясатын бастауға негіз болған ресми құжат болатын. Осыған сәйкес 1938 жылдың аяғына дейін КСРО-да, оның барлық аймақтарында, ұлттық, автономиялық республикаларда жаппай қуғын-сүргін жүрді.

«Баспасөз күн сайын, сағат сайын жұмысшы табымен өзіне керекті тілде сөйлесіп отыратын жалғыз-ақ құрал. Партия мен тап арасында мұндай руханилық желі тартатын басқа құрал, өте ыңғайлы аппарат дүниеде жоқ», – деп [1; 87], И. Сталиннің мерзімді басылымдардың қоғамдағы рөліне жоғары баға беруі бекер емес еді. «Правда», «Известия» сияқты бас басылымдар кеңестік баспасөздің негізгі идеологы болды. Ұлттық республикалар мен аймақтардағы баспасөз қызметі Орталыққа тәуелді болды, өздігінен ешқандай шешім қабылдай алмады. Орталық газеттердегі мазмұн мен идеяны аймақтар мен өңірлердің мерзімді басылымдары өзгеріссіз қайталап отырды. Айталық, сол уақыттағы Қазақстандағы республикалық басылымдарға зер салатын болсақ, 1937 жылғы

маусым-шілдедегі «Социалистік Қазақстан» газетінде «Қазақ большевиктерінің міндеті — қазақ ұлтшылдығына қарсы күресу», «Фашистік разведкалардың троцкистік-оңшыл, ұлтшыл агенттерін тамырымен құртайық», «Қазақ ұлтшылдығы — ұлт мәселесіндегі басты қауіп», «Халық жауларына қарсы күресті күшейте береміз», «Троцкистік-оңшыл шпиондарды аяусыз талқандап, тамырымен құрту керек» және т.б., «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Ұлтшыл фашистерге өмір сүргізбейміз», «Әдебиеттегі троцкистік-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек», «Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық» атты мақалалардың барлығы қазақ зиялылары мен қайраткерлерін қаралауға, оларға троцкистік-бухариншіл контрреволюциялық теорияны насихаттады деп жала жауып, ұлтшыл фашистерге, жапон-герман тыңшыларын айыптауға, жасырынып жүрген троцкистік оңшыл агенттерді табуға, тұтастай алғанда «халық жауларын» жоюға арналды. Сөйтіп, қазақ баспасөзі де жергілікті жерлерде ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратудың құралына айналды.

1938 жылы наурыздың 2-13 аралығында өткен ашық сот процесі «үлкен террордың» шарықтау кезеңі болып саналады. Үшінші «Москва процесі» деп аталған, «оңшыл-троцкистік блоктың» басты айыпталушылары Коминтерннің бұрынғы басшысы Н.И. Бухарин, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің бұрынғы төрағасы А.И. Рыков, Москвадағы бірінші сот процесін ұйымдастырушы Г.Г. Ягода және Н.Н. Крестинский, Х.Г. Раковский, А.П. Розенгольц, В.И. Иванов, М.А. Чернов, Г.Ф. Гринько, И.А. Зеленский, С.А. Бессонов, А. Икрамов, Ф. Ходжаев, В.Ф. Шараганович, П.Т. Зубарев, П.П. Буланов, Л.Г. Левин, Д.Д. Плетнев, И.Н. Казаков, В.А. Максимов-Диковский, П.П. Крючков сынды ірі партия қайраткерлері болды. Бұл туралы процесс басталардан бір күн бұрын «Правда» газеті «Подлая банда убийц и шпионов» атты бас мақалада хабарласа, 2 наурыздағы «Троцкистско-бухаринским бандитам нет пощады!» тақырыбындағы бас мақала КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының «оңшыл-троцкистік блок» деп аталатын қастандық топтың тыңшылық, диверсиялық қылмыстарын айыптауға арналған ашық сот процесінің басталғанын жария етті. Мақалада Н.И. Ежов пен тергеу орындарының «оңшыл-троцкистік блоктың» кейбір шет мемлекеттердің бас штабтарында әзірленген жоспарлар бойынша әрекет еткенін анықтағаны мадақталды.

Сонымен іс бойынша айыптау қорытындысында былай деп көрсетілді: «Кеңес Одағына дұшпан мемлекеттердің барлау қызметтерінің нұсқауы бойынша олар «оңшыл-троцкистік блок» деп аталатын топ құрды, КСРО-ға тыңшылық, диверсия, террор жасау, оның әскери күшіне нұқсан келтіру, шет мемлекеттердің КСРО-ға шабуыл жасауын арандату, КСРО-ны ыдырату және одан Украинаны, Белоруссияны, Орта Азия республикаларын, Грузияны, Арменияны, Әзірбайжанды, Қиыр Шығыстағы Приморьені бөліп алып, шет мемлекеттерге беруді, ақырында, КСРО-ны құлатып, капитализмді, буржуазияның билігін қалпына келтіруді, Сталин бастаған бір топ мемлекет басшыларын өлтіру үшін қастандық жасауды көздеді» [18].

Айыптау қорытындысының ақиқаттығына кеңес қоғамын иландыру үшін 1938 жылғы 5-12 наурыздағы «Правда» газетінің беттерінде айыпталушылардан жауап алу хаттамаларынан, олардың берген көрсетулерінен үзінділер жарияланды. Енді солардың бірнешеуіне кезек берейік. Розенгольц: «Менің тыңшылық қызметім 1923 жылы Троцкийдің нұсқауы бойынша рейхсвер командирі Сент пен Германия Бас штабының бастығы Хассеге бірқатар құпия мәліметтерді тапсырған кезде басталды» десе, Крестинский «1933 жылы қазан айында Троцкиймен Харанда кездесу барысында оның жапон барлау агенттігімен тығыз байланыс орнату туралы айтқаны және өзінің мұны Раковский арқылы Пятаковқа жеткізгені, өз кезегінде Жапонияның қару жағынан көмектесетіні және оларға Приморье өлкесін беруге келісілгенін», Раковский «1934 жылы жазда Жапонияда болған кезінде Пятаковтан КСРО-ға дұшпан елдермен байланысты күшейту, бұған Токио сапарын барынша пайдалану туралы нұсқау алғанын» мойнына алған [19]. Рыков «поляктармен Белоруссияны КСРО-дан бөліп алып, Польшаның протекторатындағы «тәуелсіз» Белорусь мемлекетін құруға келіскендіктерін» мәлімдесе, осыған ұқсас Ходжаев «Бухарин Өзбекстан мен Түркіменстанды КСРО-дан бөліп, Жапония мен Германияның протекторатына беру керектігін айтты» деп айғақ берген. Рыковтың мойындауынша, «контрреволюциялық ұйымының заңсыз сипатын әрі контрреволюциялық жұмыс үшін қандай да бір бұқаралық база бола алмайтынын білгеннен кейін және билікке басқа жолмен келуге үміт болмаған жағдайда, террорға — «сарай төңкерісін» жасауға көшу тиімді деп танылған. Кеңестік жүйені диверсия, кулактар көтерілістері арқылы құлату жоспары іске аспағаннан кейін оңшылдар үкімет басшыларына қарсы террорлық әрекеттерді дайындап, жасауға көшкен» [20]. Антисоветтік блогтың тағы бір мүшесі, Өзбекстандағы ұлтшыл ұйым жетекшілерінің бірі ретінде сипатталған Икрамов:

«Кеңестерге қарсы қарулы күрес кезінде бізге тікелей көмек көрсететін күшті еуропалық мемлекеттердің біріне арқа сүйеу керек болды, контрреволюциялық ұйым мүшелерінің Англияны қуатты ел және жеткілікті күшпен қолдау көрсете алады деп санағанын» айтқан. Бухарин «1932 жылы Пятаковпен әңгіме барысында оның троцкистік жолға түскенін және Троцкийден партия-кеңес басшылығына қарсы террор жасау үшін тікелей нұсқау алғанын» мойындаған [21]. Бухарин мен Троцкийдің В.И. Ленинді, Я.М. Свердловты және И. Сталинді өлтіру туралы дұшпандық жоспарлары сонау 1918 жылы Брест бітімі кезінде ойластырылыпты-мыс. Осындай ақылға сыймайтын, адам нанғысыз көрсетулер мен «мойындаулар» халықты сендірмей қоймады.

Жалпы алғанда, айыпталушылар берген көрсетулердің бәріне тән ортақтық — олардың еш қарсылықсыз бірауыздан өздерінің дұшпандық, сатқындық әрекеттерін «мойындағандары» болды. Бұған таң қалуға болмайды, жоғарыда айтып өткендей, қуғын-сүргін кезінде жалған айыпты таңу, мойындату үшін тұтқындарға, айыпталушыларға моральдық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарына жат әдіс-тәсілдер, күш көрсету, қинау, азаптау қолданылды. Сондықтан бұған дейін екі ашық сот процесінің «қойылымын» қолдан жасап, тәжірибе жинаған кеңестік сот органдары қызметкерлері мен тергеушілер өздеріне қажет материалды оңай-ақ алды. Бұған дәлел бірін-бірі қайталайтын көрсетулер мен бір сарынды, ұқсас жауап алу хаттамалары.

Газет беттерінде Кеңес мемлекетінің басшыларын «Отанымыздың ең жақсы адамдары» деп мадақтау орын алды. Сондықтан халық елдегі болып жатқан шаралардың дұрыстығына күмән келтірмеді. 1937 жылы 11 наурыздағы ашық сот процесіне әдеттегіден көп 500-ден астам адам қатысты. Қалыптасқан әдіс бойынша «Правда» газетінің беттерінде Кеңес елінің барлық аймақтарынан, атап көрсетсек, тәжік халқының айыпталушыларға қарғыс айтқан, Ростов облысы «Борьба за социализм» колхозы колхозшыларының кеңестік барлау қызметі мен Ішкі Істер халкомы Н.И. Ежовқа алғыстарын білдірген, Тбилисидегі паровоз-вагон жөндеу зауыты жұмысшыларының фашистер мен дұшпандарға ату жазасын талап етіп, ұжым болып қол қойған қолдау хаттары басылды.

Сонымен «үлкен террордың» қасіретті оқиғаларының бірі аяқталды, барлығы 21 адам, оның ішінде ірі кеңестік қайраткерлер Н.И. Бухарин мен А.И. Рыков бастаған 18 адамға ең жоғарғы ату жазасы, 2 адамға 25 жыл, 1 адам 20 жылға түрмеде жазасын өтеу кесілді. Үкімге қол қойғандар: В. Ульрих — КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының төрағасы, И. Матулевич — төрағаның орынбасары, Б. Иевлев — Әскери Алқа мүшесі [22].

Жаппай саяси қуғын-сүргін кезінде басты айыптауға негіз болған троцкизм және оның тууы жайында КСРО-дан аластатылған Л.Д. Троцкийдің өзі былай дейді: «Ленин қызметтен кеткеннен кейін Орталық Комитеттің негізгі өзегі болып саналатын ортада елеулі келіспеушіліктер туындады. 1924 жылы «троцкизм» елесі — әбден ойластырылып, мұқият дайындықтан кейін сахна сыртына шығарылды. Партиядағы бүкіл ішкі күрес қазір троцкизмнің ленинизмге қарсылығы аясында жүргізілуде. Басқаша айтқанда, жаңа жағдайлар мен міндеттер тудырған эпигондар мен менің арамдықтағы келіспеушіліктер менің Ленинмен келіспеушілігімнің жалғасы ретінде суреттеледі. Бұл тақырып бойынша үлкен әдебиеттер жасалды. Оның ұйытқылары әрқашан Зиновьев пен Каменев болды. Лениннің ең ескі және ең жақын әріптестері ретінде олар троцкизмге қарсы «ескі большевиктік гвардияның» басшысы болады» [23; 483]. Бұл пікір шындыққа жанасады.

XX ғасырдың 20-жылдарының II жартысынан басталған ірі партия қайраткерлерінің арасындағы оппозиция, пікірталастың болуы И. Сталин тарапынан билікке төнген қауіп ретінде бағаланып, оларды «оңшыл ағымға», «троцкизмге» айыптауды туғызды. 30-жылдары дүние жүзінде жаңа соғыс ошақтарының тууы, фашизмнің пайда болуы, капиталистік елдер арасында жаңа әскери одақтардың құрылуы Кеңес Одағын капиталистік елдер қоршауында қалдырған қатер болып саналды. Қоғамда үрей мен күдік орныққан жағдайда өндірістегі, шаруашылықтағы кез келген олқылықтар мен кемшіліктер сыртқы жаулардың ықпалынан, солардың социалистік қоғамға жасаған дұшпандық әрекеті болды. Сонымен қатар Кеңес өкіметі құрылуының алғашқы жылдарында ұлттық автономия үшін күрескен қоғамдық-саяси қозғалыстар мен партияларға деген күдіктің сейілмеуі, сайып келгенде, бәрі қосылып шиеленіскен жаңа халықаралық саяси жағдайда қуғын-сүргінге алғышарт қалады.

Қорытынды

«Правда» газетінің материалдарын зерделеу, талдау нәтижесінде мерзімді басылымға екі жақты баға беруге болады. Біріншіден, газет 1937-1938 жж. қуғын-сүргін саясатын жүргізудің қаруы,

сталиншілдікті орнықтырудың негізгі құралы болды. Мерзімді басылымның үгіт-насихаты халықты кеңестік билікке бағынышты етті. Билік өзінің жүргізіп отырған саясатына қалың жұртшылықтан сенім мен қолдау тапты.

Екіншіден, «Правда» газетінің сталинизмге қызметі халықтың санасын улап КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірінде жағымсыз, терең із қалдырды. Кеңес Одағының капиталистік қоршау жағдайында отырғандығын үнемі насихаттап, қоғамда қорқыныш пен үрей туғызып, жұмысшылар мен колхозшыларды, Қызыл Армия жауынгерлерін, зиялы қауымды биліктің айтқанын екі етпеуге үгіттеді. Осы мақсатқа кәсіби тілші, журналистерден бөлек қарапайым еңбек ұжымдарының өкілдерін де тартты, олар газеттің белсенді тілшілері мен таратушылары болды. Газет қуғын-сүргін науқанын, айыпталушыларға сот үкімін И. Сталин мен Ішкі істер органдарының ісі емес, көп ұлтты кеңес халқының фашистік соғысты қоздырушыларға қарсылығы, наразылығы етіп жеткізді. Бүгінгі демократиялық ұстанымдар тұрғысынан алғанда сталиндік қуғын-сүргін тоталитарлық мемлекеттің қылмысы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Махат Д.А. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925–1956 жж.) / Д.А. Махат. — Астана: «Ана тіл — Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007. — 528 б.
- 2 Революционная бдительность и подъем партийной работы // Правда. — 1937. — 4 января. — № 4 (6979).
- 3 Троцкистские шпионы, диверсанты, изменники Родины // Правда. — 1937. — 21 января. — № 21 (6987).
- 4 Постановление Политбюро ЦК ВКП (б) «О процессе по делу Пятакова, Радека, Сокольников, Серебрякова и др.» // Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938 / под ред. А.Н. Яковлева; сост. В.Н. Хаустов и др. — М: МФД, 2004. — 736 с.
- 5 Подлейшие из подлых // Правда. — 1937. — 24 января. — № 24 (6989).
- 6 Процесс антисоветского троцкистского центра // Правда. — 1937. — 24 января. — № 24 (6989). — С. 2–5.
- 7 Что мы слышали на процессе // Правда. — 1937. — 24 января. — № 24 (6989).
- 8 Из зала суда // Правда. — 1937. — 27 января. — № 26 (6992).
- 9 Бедный Демян. Стальная крепость / Д. Бедный // Правда. — 1937. — 29 января. — № 28 (6994).
- 10 Приговор суда — голос народа // Правда. — 1937. — 30 января. — № 29 (6995).
- 11 О недостатках партийной работы и мерах ликвидации троцкистских и иных двурушников. Доклад т. Сталина на Пленуме ЦК ВКП (б) 3 марта 1937 г. // Правда. — 1937. — 29 марта. — № 87 (7053).
- 12 Браудер Э. Резервы троцкизма в США / Э. Браудер // Правда. — 1937. — 7 апреля. — № 96 (7062).
- 13 Майорский Н. Резервы троцкизма во Франции / Н. Майорский // Правда. — 1937. — 20 апреля. — № 109 (7075).
- 14 Защитники троцкистско-японо-германских шпионов и диверсантов // Правда. — 1937. — 22 мая. — № 139 (7105).
- 15 Голос Великого Советского народа. Приказ Народного Комиссара Обороны СССР 12 июня 1937 года // Правда. — 1937. — 13 июня. — № 161 (7127).
- 16 Из речи И.В. Сталина на расширенном заседании Военного Совета 2 июня 1937 года // Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938 / под ред. А.Н. Яковлева; сост. В.Н. Хаустов и др. — М: МФД, 2004. — 736 с.
- 17 Хаустов В. Сталин, НКВД и репрессии 1936–1938 гг.: моногр. / В. Хаустов, Л. Самуэльсон. — М.: Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН), 2010. — 432 с.
- 18 Процесс антисоветского «право-троцкистского блока» // Правда. — 1938. — 3 марта. — № 61 (7386).
- 19 Процесс антисоветского «право-троцкистского блока» // Правда. — 1938. — 6 марта. — № 64 (7389).
- 20 Процесс антисоветского «право-троцкистского блока» // Правда. — 1938. — 5 марта. — № 63 (7388).
- 21 Процесс антисоветского «право-троцкистского блока» // Правда. — 1938. — 7 марта. — № 65 (7390).
- 22 Приговор Военной Коллегии Верховного Суда СССР // Правда. — 1938. — 12 марта. — № 70 (7395).
- 23 Краснов В.Г. Неизвестный Троцкий. Красный Бонапарт: Документы. Мнения. Размышления / В.Г. Краснов, В.О. Дайнес. — М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2000. — 510 с.

С.С. Касимова, Ж.А. Карсыбаева, Б.Г. Нұрман, Ж.Б. Амерханова

Газета «Правда» — источник по истории политических репрессий 1937-1938-х годов

Газета «Правда» в данной статье рассматривается как источник по истории политических репрессий 1937-1938 гг. На основе анализа структуры периодического издания, содержания публикуемых материалов, их группировки по форме и характеру раскрыта информационная позиция и влияние этой газеты на утверждение сталинизма в советском обществе. Показано, что газета служила коммуникационным инструментом для оправдания и прославления репрессивной политики Сталина, которая, в свою очередь, обеспечивала безопасность Советского Союза в окружении капиталистических стран. Материалы открытых судебных процессов, опубликованные в газете, были изучены методом сопоставления с научными трудами и исследованиями на тему репрессий, а также с официальными данными, представленными в сборниках документов последних лет, где обвинения против подсудимых были признаны ложными. Проведен всесторонний анализ того, как Центральный Комитет, посредством специальных постановлений, придал газете пропагандистскую роль в формировании положительного отношения и общественного мнения в политической жизни. Выявлено, каким образом подчинялось массовое сознание с целью убеждения как советского общества, так и зарубежных стран в правомерности политики репрессий. Рассмотрена деятельность газеты «Правды» в интересах советской идеологии, ее роль в осуществлении репрессивной кампании. Дана оценка с точки зрения новых, критических позиций, сформировавшихся в отечественной исторической науке.

Ключевые слова: политические репрессии, сталинизм, периодическое издание, троцкизм, диверсия, информация, зарубежные отклики, ложное обвинение, приговор.

S.S. Kassimova, Z.A. Karsybayeva, B.G. Nugman, Zh.B. Amerhanova

The newspaper “Pravda” is a source on the history of political repressions 1937-1938

The article considers the “Pravda” newspaper as a source on the history of political repressions of 1937–1938. Based on an analysis of the structure of the periodical, the content of published materials, their grouping by form and nature, the information position and influence of the newspaper “Pravda” on the establishment of Stalinism in Soviet society is revealed. It is shown that the newspaper served as a communication tool to justify and glorify Stalin’s repressive policies as a means of ensuring the security of the Soviet Union surrounded by capitalist countries. The materials of the newspaper’s open trials were studied by comparison with scientific works, studies on the topic of repression and with official data in collections of documents published in recent years, the accusations against the defendants of which were found to be false. A comprehensive analysis was carried out of how the Central Committee, through special resolutions, gave the newspaper the role of propaganda in the formation of positive attitudes and public opinion in socio-political life, subjugated the masses and made them dependent on Stalin’s policies in order to convince Soviet society and foreign countries of the correctness of the policy of repression. The activities of the “Pravda” newspaper in the interests of Soviet ideology, its role in the implementation of the repressive campaign is shown, and an assessment is given from the point of view of new, critical positions formed in Russian historical science.

Keywords: political repression, Stalinism, periodical, Trotskyism, sabotage, information, foreign responses, false accusation, verdict.

References

- 1 Makhat, D.A. (2007). *Baspasoz: stalinshildiktin Qazaqstanda ornyguy (1925–1956 zhzh.)* [Press: establishment of Stalinism in Kazakhstan (1925–1956)]. Astana: ««Ana til — Ata tarikh» baspa-zertteu ortalagy» Zhauapkershiligi Shekteuli Seriktestik [in Kazakh].
- 2 (1937). *Revoliutsionnaia bditelnost i podiom partiinoi raboty* [Revolutionary vigilance and the rise of party work]. *Pravda — The Truth*, 4 (6979) [in Russian].
- 3 (1937). *Trotskistskie shpiony, diversanty, izmenniki Rodiny* [Trotskyist spies, saboteurs, traitors to the Motherland]. *Pravda — The Truth*, 21 (6987) [in Russian].
- 4 Yakovleva, A.N. (Eds.) & Khaustov, V.N. (Comp.) (2004). *Postanovlenie Politbiuro TsK VKP (b) «O protsesse po delu Piatakova, Radeka, Sokolnikova, Serebriakova i drugie»* [Resolution of the Politburo of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks “On the trial in the case of Pyatkov, Radek, Sokolnikov, Serebryakov and others”]. *Lubianka. Stalin i Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD. Arkhiv Stalina. Dokumenty vysshikh organov partiinoi i gosudarstvennoi vlasti. 1937-1938 — Lubianka. Stalin and the Main Directorate of State Security of the People’s Commissariat for Internal Affairs. Archive of Stalin. Documents of the highest bodies of party and state power. 1937-1938*. Moscow: Moskovskii Finansovyi Dom [in Russian].

- 5 (1937). Podleishie iz podlykh [The meanest of the mean]. *Pravda — The Truth*, 24 (6989) [in Russian].
- 6 (1937). Protsess antisovetskogo trotskistskogo tsentra [The process of the anti-Soviet Trotskyist center]. *Pravda — The Truth*, 24 (6989) [in Russian].
- 7 (1937). Chto my slyshali na protsesse [What we heard during the trial]. *Pravda — The Truth*, 24 (6989) [in Russian].
- 8 (1937). Iz zala suda [From the courtroom]. *Pravda — The Truth*, 26 (6992) [in Russian].
- 9 Bednyi Demian (1937). Stalnaia krepost [Poor Demyan. Steel Fortress]. *Pravda — The Truth*, 28 (6994) [in Russian].
- 10 (1937). Prigovor suda — golos naroda [The verdict of the court is the voice of the people]. *Pravda — The Truth*, 29 (6995) [in Russian].
- 11 (1937). O nedostatkakh partiinoi raboty i merakh likvidatsii trotskistskikh i inykh dvurushnikov. Doklad t. Stalina na Plenumе TSK VKP (b) 3 marta 1937 g. [On the shortcomings of party work and measures to eliminate Trotskyists and other double-dealers. Report by Comrade Stalin at the Plenum of the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) March 3, 1937]. *Pravda — The Truth*, 87 (7053) [in Russian].
- 12 Brauder, E. (1937). Rezervy trotskizma v SShA [Reserves of Trotskyism in the USA]. *Pravda — The Truth*, 96 (7062) [in Russian].
- 13 Maiorskii, N. (1937). Rezervy trotskizma vo Frantsii [Reserves of Trotskyism in France]. *Pravda — The Truth*, 109 (7075) [in Russian].
- 14 (1937). Zashchitniki trotskistko-yaponogermanskikh shpionov i diversantov [Defenders of Trotskyist-Japanese-German spies and saboteurs]. *Pravda — The Truth*, 139 (7105) [in Russian].
- 15 (1937). Golos Velikogo Sovetskogo naroda. Prikaz Narodnogo Komissara Oborony SSSR 12 iyunia 1937 goda [Voice of the Great Soviet People. Order of the People's Commissar of Defense of the Union of Soviet Socialist Republics June 12, 1937]. *Pravda — The Truth*, 161 (7127) [in Russian].
- 16 Yakovleva, A.N. (Eds.) & Khaustov, V.N. (Comp.) (2004). Iz rechi I.V. Stalina na rasshirennom zasedanii Voenного Soveta 2 iyunia 1937 goda [From the speech of I.V. Stalin at an extended meeting of the Military Council on June 2, 1937]. *Lubyanka. Stalin i Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD. Arkhiv Stalina. Dokumenty vysshikh organov partiinoi i gosudarstvennoi vlasti. 1937-1938 — Lubyanka. Stalin and the Main Directorate of State Security of the People's Commissariat for Internal Affairs. Archive of Stalin. Documents of the highest bodies of party and state power. 1937-1938*. Moscow: Moskovskii Finansovyi Dom [in Russian].
- 17 Khaustov, V. & Samuelson, L. (2010). *Stalin, NKVD i repressii 1936–1938 gg. [Stalin, the People's Commissariat for Internal Affairs and repressions of 1936–1938]*. Moscow: Rossiiskaia politicheskaiia entsiklopediia (ROSPEN) [in Russian].
- 18 (1938). Protsess antisovetskogo «pravo-trotskistskogo bloka» [The process of the anti-Soviet “right-Trotskyist bloc”]. *Pravda — The Truth*, 3 March, 61 (7386) [in Russian].
- 19 (1938). Protsess antisovetskogo «pravo-trotskistskogo bloka» [The process of the anti-Soviet “right-Trotskyist bloc”]. *Pravda — The Truth*, 6 March, 64 (7389) [in Russian].
- 20 (1938). Protsess antisovetskogo «pravo-trotskistskogo bloka» [The process of the anti-Soviet “right-Trotskyist bloc”]. *Pravda — The Truth*, 5 March, 63 (7388) [in Russian].
- 21 (1938). Protsess antisovetskogo «pravo-trotskistskogo bloka» [The process of the anti-Soviet “right-Trotskyist bloc”]. *Pravda — The Truth*, 7 March, 65 (7390) [in Russian].
- 22 (1938). Prigovor Voennoi Kollegii Verkhovnogo Suda SSSR [Verdict of the Military Collegium of the Supreme Court of the Union of Soviet Socialist Republics]. *Pravda — The Truth*, 70 (7395) [in Russian].
- 23 Krasnov, V.G. & Daines, V.O. (2000). *Neizvestnyi Trotskii. Krasnyi Bonapart: Dokumenty. Mneniia. Razmyshleniia [Unknown Trotsky. Red Bonaparte: Documents. Opinions. Reflections]*. Moscow: OLMA-PRESS [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Касимова Сауле — тарих ғылымдарының кандидаты, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

Карсыбаева Жұлдыз — тарих ғылымдарының кандидаты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5899-2936>

Нұғман Бахредден — философия ғылымдарының кандидаты, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>

Амерханова Жазида — тарих ғылымдарының кандидаты, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6731-7326>

Information about the authors

Kassimova Saule — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

Karsybayeva Zhuldyz — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Kazakhstan History, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5899-2936>

Nugman Bahredden — Candidate of Philosophy, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>

Amerhanova Zhazida — Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan, Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-6731-7326>